

**Абишева Гульнар Кайдаровнаның 6D020500 – Филология (қаз)
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
дайындалған «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы
ономастикалық кеңістік» атты диссертациялық жұмысына шетелдік
ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ**

Қазақ тіл біліміндегі ономастика саласы соңғы жылдары жаңа ғылыми парадигмалар аясында дамып, көркем мәтін ономастикасы, поэтикалық ономастика, лингвомәдениеттанымдық талдау бағыттарымен толыға түсті. Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу – ұлттық ономастикалық қорды жаңа сапалық деңгейде қарастыратын, ғылыми-теориялық және практикалық маңызы зор еңбек.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ономастикалық бірліктердің арнайы, жүйелі, кешенді түрде лингвомәдени және когнитивтік аспектіде қарастырылмауы диссертацияның өзектілігін айқындайды. Автор көркем мәтіндегі жалқы есімдерді тек атауыштық қызмет атқаратын тілдік бірлік ретінде ғана қарастырмай, оларды халықтың рухани-мәдени құндылықтар жүйесін, тарихи тәжірибесін және әлемді тану тәсілдерін бейнелейтін семиотикалық әрі концептуалдық құрылым ретінде талдайды.

Мәшһүр Жүсіп мұрасы – қазақ халқының рухани, діни-философиялық, тарихи санасының көркем тілдегі бейнесі. Сондықтан ақын шығармаларындағы антропозтонимдер, топопозтонимдер, мифтік және діни атаулар жүйесін ономастикалық кеңістік тұрғысынан талдау – қазіргі қазақ ономастикасы үшін аса маңызды ғылыми бағыттардың бірі екендігі сөзсіз.

Диссертацияда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының ономастикалық кеңістігі жүйелі, кешенді түрде қарастырылғаны, көркем шығарма онимдері – поэтонимдердің құрылымдық, семантикалық, лингвостилистикалық және функционалдық ерекшеліктері айқындалғаны, антропозтонимдердің мифтік, діни, тарихи және прецеденттік қабаттары коннотациялық өріс тұрғысынан талданғаны, топопозтонимдердің ұлттық-мәдени уәжділігі мен дүниетанымдық қызметі көрсетілгендігі жұмыстың жаңалығын көрсетеді.

Жұмыс қазақ тіл біліміндегі поэтикалық ономастика теориясын тереңдетуге елеулі үлес қоса алады, себебі автор ономастикалық кеңістік ұғымын ұлттық дүниетаныммен сабақтастыра отырып, жалқы есімдердің көркем мәтіндегі концептуалдық қызметін айқындаған және ономастикалық кеңістікке байланысты теориялық тұжырымдарды шығармашылықпен игеріп, қазақ ономастикасына жаңаша пайымдаулар қосқан. Сондықтан зерттеу нәтижелері ономастика, мәтін лингвистикасы, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика салалары үшін құнды деп танимыз.

Жұмыстың бірінші тарауында ономастикалық кеңістік ұғымының теориялық негіздері, поэтонимдердің лингвопрагматикалық және функционалдық сипаты қарастырылған. Екінші тарауда Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы антропозтонимдердің коннотациялық өрісі, мифтік, діни,

тарихи және прецеденттік есімдер жүйесі талданған. Үшінші тарауда топоэтонимдердің ұлттық-мәдени уәжділігі, ойконимдер, оронимдер, гидронимдер семантикасы мен дүниетанымдық қызметі сараланған. Зерттеу логикалық жүйелілікпен құрылған, талдау материалдары нақты мысалдармен дәлелденген.

Автор антропозтонимдер, топоэтонимдер, мифтік және діни атауларды жеке-жеке талдап қана қоймай, олардың өзара байланысын, мәтін ішіндегі қызметін, семантикалық қабаттарын жүйелі түрде көрсетіп, концептуалдық талдаулар жасағаны диссертацияның ғылыми құндылығын арттырады.

Абишева Гульнар Кайдаровнаның 6D020500 – Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ономастикалық кеңістік» атты диссертациялық жұмысы – қазақ ономастика ғылымындағы өзекті мәселелердің бірін терең әрі жүйелі түрде қарастырған, теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды, ғылыми жаңалығы бар зерттеу.

Диссертация 6D020500 – Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, ал оның авторы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

**Монғолия мемлекеттік Білім университеті
Баян-Өлгей аймағындағы филиалының
директоры,
доктор PhD., профессор *Н. Хиналган***



Хиналган Жылхыайдар